

ӘОЖ 81'1-027.21

FTAXP 16.21.49

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.2.77.011>

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС ПЕН МӘДЕНИЕТ КӨРІНІСІ: САН ЕСІМДІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР КОНТЕКСТІНДЕ (ҚАЗАҚ, ОРЫС, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

*Мулкаманова А.Ж.¹, Салихова А.З.²

^{*1} Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

² Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі сан есімді фразеологизмдердің айырмашылықтары мен ерекшеліктері талданады.

Ғылыми зерттеудің мақсаты – аталған тілдердегі сан есімді фразеологизмдерді ұлттық мәдени-танымдық сипаты негізінде зерттеу.

Жұмысымыздың негізгі бағыттары – салыстырмалы, салғастырмалы тіл білімі, лексикология, фразеология, лингвомәдениетану секілді ғылым салаларының аясын кеңейту.

Зерттеу жұмысымыздың ғылыми маңыздылығы – әр ұлтқа тән фразеологизмдердегі ұлттық құндылықтардың негізі ретінде зерттеу – тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, ұлттық танымды, сондай-ақ мәдениетаралық түсіністікті тереңірек зерделеуге мүмкіндік беретін өзекті ғылыми бағыт. Бұл зерттеу тек тіл саласына ғана емес, сонымен қатар этнолингвистика, мәдениеттану, аударматану салаларына да маңызды үлес қосады.

Зерттеу әдіснамасы ретінде мақалада салыстырмалы және салғастырмалы, лексикографиялық әдістер қолданылады. Сан есімді фразеологизмдерге семантикалық тұрғыда талдаулар жасалады.

Сан есімді фразеологизмдерді үш тілде зерттеу нәтижесінде мынадай қорытынды жасалды: Жалпы қазақ-орыс-ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдер қоры кең ауқымда зерттелгенімен, көрсетілген тілдердегі сан есім атаулары ұйытқы болған фразеологизмдердің тілдегі көрінісін, ортақ тұстарын, дара белгілерін, тұрақты тіркес ретінде тілде қалыптасуының себеп-салдарын салғастыра зерттеу - отандық тіл білімінде әлі қолға алына қоймаған тың дүние екені анықталды. Сонымен қатар жалпы адамзаттық және ұлттық ерекшеліктерді анықтауға негіз болды. Әр тілдегі фразеологизмдер арқылы халықтың дүниетанымдық ерекшелігін салыстыруға мүмкіндік туады.

Бүгінде тіл білімінің жаңа бағыттары бойынша жүргізіліп жатқан зерттеулер жеткілікті болғанымен, аталған мәселені салыстырмалы, салғастырмалы тұрғыда зерттеу сан есімді фразеологизмдердің зерттелу құндылығын көрсетеді. Мақаланы жоғары оқу орындары оқу үдерісінде оқытылатын «Салғастырмалы тіл білімі», «Аударманың лингвистикалық мәселелері» пәндеріне теориялық және практикалық материал ретінде пайдалануға болады.

Зерттеу қорытындысының практикалық маңызы - қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі сан есімді фразеологиялық бірліктерді салыстыру нәтижелері үш тілдегі фразеологиялық бірліктердің ұлттық мәдени өмірімен байланысын түсінуге, олардың мағыналық, құрылымдық ерекшеліктерін саралауға, негізгі типологиялық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: сан есімді фразеологизмдер, фразеологиялық бірліктер, тұрақты тіркестер, нумеративтер, ұлттық мәдениет, мәдени-таным, лингвомәдениеттану, семантика

Кіріспе

Аталған мақалада жоғарыда атап өткеніміздей, сан есімді фразеологиялық бірліктердің ұлттық-мәдени сипаты зерттеу. Сондықтан олардың семантикасын, этимологиясын, фразеологиялық бірліктерінің қолданылу аясын саралау, сандарға қатысты ұлттық дүниетанымның қалыптасуын анықтау маңызды болғандықтан сан есімді фразеологиялық бірліктерді талдау қажеттілігі туындап отыр. Сан есімді тіркестерді біз фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерде кездестірдік. Себебі қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі сан есімнен тұратын фразеологиялық бірліктерді салыстырмалы және салғастырмалы әдістер арқылы зерделеу сөздердің мағынасы мен қалыптасу, даму жолын айқындауға үлкен мүмкіндік береді.

Әр түрлі мәдениеттердегі қазақ, орыс және ағылшын мәдени және шартты сандарды көрсететін сандарды қолдануды салыстыру өзекті және перспективалы болып табылады. Алғаш рет жүргізілген мұндай салыстыру осы мәдениеттер үшін жалпы және жеке сандық артықшылықтарды ғана емес, сонымен қатар белгілі бір санның танымалдығы мен танымалдылығының генезисін анықтауға мүмкіндік беретін логикалық, тарихи, мәдени, діни және тұрмыстық өзара әрекеттесу немесе олардың дербестігі аймақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Бір тілді немесе онымен байланысты тілдерді зерттеуден тыс жеткілікті танымал материалды (сандары бар фразеологиялық бірліктерді) шығару осындай зерттеудің әдістемесі мен нәтижесін едәуір байытады.

Осылайша бұл мақаланың мақсаты – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің фразеологиялық бірліктерінде сандарды қолданудың салыстырмалы сипаттамасы, аталған тілдердің фразеологизмдерінде нақты сандарды қолдану ерекшеліктерін зерттеу, жергілікті этникалық мәдениеттердің ұлттық ерекшелігін көрсетудегі сандардың рөлін анықтау және сандардың қасиетті генезисін құру болып табылады.

Тіл білімінде сандардың тек сандық мағынаға ғана ие болып қоймай, белгілі бір ұғымға ие болатын сандарға терминдік атау берілуі жайлы ғылыми ортада пікір қайшылықтары кездеседі. Мысалы, Дмитриев *нумеративтер* деген атау ұсынса, Дыренкова *сметтік сөздер*, ал Кононов түсіндірмелік немесе *штучные числительные* деп атауды дұрыс санайды. Осы аталғандардың ішінде ең көңілге қонымдысы – **нумератив** термині.

Себебі **numerate** деген сөз ағылшын тілінен аударғанда санмен белгілеу немесе таңбалау деген мағынаны береді.

Фразеологиялық бірліктердің көпшілігі қоршаған шындықты бақылау процесінде пайда болды. Фразеологиялық бірліктерді құру процесі екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезең-сөзде жасалған белгілі бір дыбыстар мағынаға ие болады. Екінші кезеңде сөздікте әрқайсысының өзіндік мағынасы бар бірнеше сөзден тұратын хабарлама фразеологиялық бірліктің құрамдас сөздерінің кез келгенінің мағынасынан айырмашылығы тең емес жаңа мағынаға ие болады [1, 77 б.].

Фразеологизмдердің жасалуына ұйытқы болатын сөздердің бір тобы – сан есімдер. Фразеологизмдер құрамындағы сан есімдердің қолданысына І.Кеңесбаев: «Бұл сөздердің белгілі бір тізбек, тіркестерге түп қазық болу себебі халықтың ежелгі дәуірдегі ұғым-түсінігімен, салт-санасымен ұштасып жатыр. Фразеологизмдер ішінде бұл сөздер нақтылы сан мағынасында қолданылуы шарт емес», - дейді [2, 612 б.]. Сан есімдер жеке дара айтылған кезде, абстракт сандық ұғымдардың атаулары ретінде қолданылады. Олардың нақты мағыналары өзге сөздермен қарым-қатынасқа түскенде ғана айқындалып отырады.

Жалпы дүниені тану мәселесіне байланысты ескілікті наным-сенім түрлерінің тілдік көріністері әсіресе сан атауларымен келген тұрақты сөз оралымдарында өте көп кездеседі. Екі оттың ортасында қалу; Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар.

Фразеологизмдердің жалпы сан есімді сыңарлары туралы зерттеген Алтынай Елешева: «Фразеологизм құрауда әсіресе «бір» және «екі» сан есімдері актив қолданылады. Фразеологизмдер құрамында сондай-ақ «төрт», «бес», «алты», «жеті», «қырық» сан есімдері де жиі қолданылады. Ал жинақтық, бөлшектік, реттік сан есімдер фразеологизм құрауға қатыспайды десек те болады» - деп фразеологизм жасауға негізгі арқау болатын сан есімдерді шегелеп береді.

Сан есімдердің фразеологизмдер ішінде ұйытқы бола алу қабілеті жөнінде Исмет Кеңесбаев сөздігінде келтірген. «Тұрақты сөз тізбектерінің біраз бөлігі сан есімдердің төңірегіне топталып жүреді. Бұл сөздердің белгілі бір тізбек, тіркестерге түп қазық болу себебі халықтың ежелгі дәуірдегі ұғым- түсінігімен, салт санасымен ұштасып жатыр. Фразеологизм ішінде бұл сөздер нақтылы сан мағынасында қолданылуы шарт емес. Мысалы, жеті ғылым тілін біледі (жеті ғаламның тілін біледі), қырық ру дегендерде нақты саннан гөрі әйтеуір «көп» деген ұғым бар.

Орыс тіл білімінде фразеология бойынша үлкен еңбек жасаған В.Н. Телия «Тарихи тұрғыдан қарағанда фразеология мен синтаксистің байланыстылығы өзінен-өзі түсінікті. Өйткені фразеологиялық оралым (тұрақты тіркес ұғымын ол кісі осылай айтады) белгілі бір сөз тіркесінің немесе сөйлемнің негізінде жасалынған» дей келе, келесі ғалымның мынадай пікірін келтіреді: «Фразеология связана с синтаксисом не менее тесными узами, нежели с лексикой... фразеологизмы создаются не на базе слов

(лексем), а на базе словосочетаний (а так же сочетаний слов и предложений) следовательно, не лексика, а синтаксис является той строительной площадкой, на который идет бесперерывный процесс фразеобразования [3, 17 б.].

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Мақалада қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне қатысты сан есімді фразеологизмдерді зерттелгендіктен салғастырмалы әдіс қолданылса, белгілі бір тілде олардың қалыптасуын зерделеуде салыстырмалы әдіс қолданылды.

Сан есімді фразеологизмдерді жүйелеп және оның мағынасын анықтау барысында лексикографиялық әдіс қоса пайдаланылды. Лингвомәдени, этнолингвистикалық талдау арқылы ұлттың дүниетанымына, салт-дәстүріне, наным-сеніміне байланысты фразеологизмдер талданды. Мақаланың теориялық тұжырымындарын айқындауда анализдеу әдісі, семантикалық талдау әдісі, сипаттамалы әдіс, фразеологизмдердің қалыптасуына қатысты тарихи-салыстырмалы, тарихи-салғастырмалы әдіс-тәсілдер қолданылды.

Талқылаулар және нәтижелер

Әр тілде мазмұны мен синтаксистік функциясы бойынша сөзге тән болатын тұрақты тіркестер бар. Бұл тіркестер белгілі бір құрылымы мен семантикалық жүктемесі бар полилексемалық тілдік бірліктерге жатады. Фразеологиялық бірліктер (ФБ) адамдардың қоршаған әлем туралы түсініктерін көрсетеді. Әр тіл өзінің ерекше фразеологизмімен ерекшеленеді, бұл халықтың тұрмысының, әдет-ғұрпының, мәдениеті мен менталитетінің бірегейлігімен байланысты. Фразеологиялық бірліктер құбылыс ретінде қарым-қатынас қажеттіліктері үшін, эмоцияларын, сезімдерін көрнекі түрде білдіру, іс-әрекеттерге, процестер мен құбылыстарға жарқын және бейнелі сипаттама беру үшін экспрессивті құралдарды құру қажеттілігінен туындады. Фразеологизмдер әлемнің ұлттық бейнесін көрсетеді.

Халқымызда киелі саналатын бір шоғыр сан бар. Ондай сандар тілімізде де сақталған. Қазақ ұғымындағы киелі сандардың қатарына үш, бес, жеті, тоғыз сияқты онға дейінгі тақ сандар жатады. Әр мәдениетте өзіндік сандар символикасы бар және сол сандарда сол мәдениеттің өзіне тән сенімі, әдет-ғұрпы, өмірлік дүние-танымы туралы ерекше ұғым бедерленген. Соның ішінде қазақ мәдениетінде «үш», «жеті», «тоғыз», «қырық», «он үш» сандары ерекше мәнге ие болып есептеледі.

«Үш» түркі халықтарында, соның ішінде қазақ халқында қасиетті сан болып есептеледі. Мысалы: «үш би», «үш бәйтерек», «үш артық», «үш жамандық» - деген сияқты. Халқымыз әр санның қадірі мен қасиетін салмақтап, өзіне тән ерекшелігін саралай білген. Сондай-ақ әр санды орнына, маңызына қарай қолданған. Әр санның мақсаты мен мағынасы болатынын сезген, түйсінген.

«Жеті» көшпенді қазақ мәдениеті үшін өте қастерлі сан. Жеті санымен байланыстырылып айтылатын ұғым дәстүрімізде де, тілдік мәдениетімізде де көп сақталған. Соның бірі — жеті амал. Жеті амалға табиғат құбылыстарын

жатқызады. Одан кейін, «жеті ғашықты» айтамыз. «Жеті жарғы» деген Атазаңымыз тағы бар. Жеті санымен бірге айтылатын сөздің тағы бірі — «Жеті жетім», «Жеті жоқ» деген сөздер бар. «Жеті қазына», «Жеті мүше», «Жеті тылсым», «Жеті жұт» сияқты тілімізде, қазақтың тұрмыс-салтында сақталған әдет-ғұрыптық атаулар өте көп.

«**Тоғыз**» бұл сан араб мәдениетімен, дінмен байланысты енген. Сондықтан халқымыз: «Тоғыз ай, тоғыз күн бала көтеру», «Тоғыз әйелдің толғағы бір күнде келіпті», «Тоғыз жолдың торабы», «Тоғыз қабат торқа кию», «бір тоғыз, екі тоғыз, үш тоғыз (құдалықта орындалатын дәстүр) сияқты сөздер тегін шықпаған болу керек.

«**Он екі**» сандар әлемінде қытай мәдениетінен енген бір дүние бар. Ол - «он екілік жүйе». Қытайлар ерте ғасырларда «он екілік жүйені» қазақтарға ұзатқан қыздарымен бірге сыйлаған. Қазіргі бүкіл әлем қолданып жүрген бір жылдағы он екі айлық жүйе, сағаттағы он екілік жүйе» - міне осы.

«**Қырық**» қазақ мәдениетінде құдіретті сан. Қырықтың басқа сандардан ерекшелігі – «оның соқралдық мәні шамандықтардан бастау алады» - деген зерттеу бар. Өйткені, шамандық сенім бойынша, адамды қырық күн бойы емдеу, қырық түрлі шөпті араластырып жасаған дәрі ішкізу, оны қырық күн бойы ішу деген сияқты ислам дініне дейін қырық санына деген сенім мәдениетімізге тастай сіңген.

Негізі сан есімдерден болған фразеологизмдерді талдай келе, қандай сандардың тілдік мәдени бірліктерде жиі қолданылғандығын байқауға болады. Статистикалық жағынан «бір», «он», «қырық», «мың» сан есімдері негіз болған тұрақты тіркестерді жиі кездестірдік.

Сонымен қатар сан мәнді тіркестерде «бір» саны көбінесе мөлшер мәнін білдіретін сөздермен тіркесіп келеді. Мысалы, *бір шөкім, бір жұтым, бір шымышым, бір уыс, бір жапырақ, бір қайнатым, бір асым, бір құлаш, бір үзім т.б.*

Әр санның дүниетанымда өзіндік мағынасы бар деуге болады, сол сияқты «жеті» саны қазақ дүниетанымында киелі сан болып саналғандықтан, ол көбінесе қазақ салтына, ырым-тыйымдарына, дәстүрлеріне байланысты танымдық мағына білдіретін сөздермен тіркесіп келеді. Мысалы, *жеті ата, жеті нан/жеті шелпек, жеті қазына, жеті амал, жеті жұт т.б.*

Тағы бір айта кететіні, қазақ дүниетанымында мың санының есептік сан атауынан бөлек, қыруар көп, өте көп, асып-тасқан молшылықты білдіретін мағыналары бар. Мың санының өте көп мағынасында қолданылуынан туындаған тұрақты тіркестер де, бейнелі тіркестер де өте көп. Мәселен, *сан мың сынақ, мың сан ойлар, мыңдаған шаруа, мың құбылу, аллага мың да бір шүкір, бірдің кесірі мыңға, білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар.* Аталған тілдік қолданыстарда мың нақты есептелген сандық көрсеткіші айқын мың ретінде емес, «көп» мағынасында қолданылады. Мұндағы мың саны қазақ дүниетанымындағы көптіктің жоғарғы шегі мыңмен белгіленетінін аңғартады.

Қазақ тіліндегі сандық фразеологизмдерді зерттеу барысында талдау үшін біз шығарма мазмұнынан алдық. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы

шығармаларындағы сан атаулары ұйытқы болған фразеологизмдер: *Махаббат үміткер боп бір Алладан; Болмаса бір құдайдан үміт-қуат; Бір Алладан басқадан күдер үзіп.*

Ақын дүниетанымы бойынша **Бір** – бұл тек Аллаға тән. Сонымен қатар **бір** саны белгілі бір бүтіндік, бірлік пен өркениеттікті білдіреді. Бір күдірет – он сегіз мың ғаламды жатарушы жалғыз Алла, бүкіл дүниені, адамзат пен тіршілікті жаратушы жалғыз Алла болса, бір саны жалғыз сөзімен мағыналас келуі түсінікті.

Бір санының халық тіліндегі қолданысы: *бір құдайдың ұрғаны, бір құдайдан тілегенім, бір құдай біледі, бір Алла өзің жар бола көр, бір Аллаға тәуекел.* Мәшһүр Жүсіп пен халық тіліндегі **бір** сан атауының прагматикалық қызметі бірдей. Бір санымен келген фраземалардың тіркесімділік қасиеті өте шектеулі екендігін Мәшһүр Жүсіп шығармалары арқылы да аңғаруға болады.

Екі саны – жұп сан болғандықтан, тұрақтылық, жұптылық символы болады. Мәшһүр Жүсіпте: *Жүзінде екі дүние кемдік көрмей, Құдайы қайда барса, медет болар; Екі дүние нұры – ғылым.*

Осындағы **екі дүние** - діни ұғым. Бірі – тірліктегі кез, бұл – жалған дүние, екіншісі – адам қайтыс болғаннан кейінгі кез, бұл – шын дүние. *Екі дүние* тіркесін басқа да қаламгерлерден кездестіре аламыз (Абай, Шәкәрім) және діни коннотацияда жұмсалғанын байқадық.

Мифологиялық түсінік бойынша, әлем **үш** қабаттан тұрады: аспан, жер, жер асты. Сондай-ақ **үш** саны өткенді, қазіргіні, болашақты білдіреді. Қазақ халқы түрлі құбылыстарға баға беріп, олардың кейбір қасиеттеріне ерекше көңіл бөліп, бақылау жасаған. Тілімізде *үш жұрт, Үш Жүз, үш күндік пәни, үш қайтара сәлем беру, ер кезегі үшке дейін, үш қайнаса сорпасы қосылмау,* т.б. сияқты тұрақты тіркестер бар.

Мәшһүр Жүсіпте: *Жұрт есіркеп үш қат бөз орамаса, Киімің жоқ кететін тағы киіп. Үш қат бөз* фразалық байлаулы мағынадағы тіркесін пайдаланып, ақын жалған дүниеде қанағатшыл болу керектігін айтқысы келеді, адам баласы қанша бай болса да, бақиға тек үш қат бөз оранып кететінін айтады.

Үш жұртты өткізіпсің, ойлап тұрсаң (Мәшһүр Жүсіп).

Ақынның *үш жұрт* деп отырғаны халық қолданысындағы – өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты емес. Осы өлеңінде қаламгер адам өмірінің үш кезеңін, яғни, балалық шақ, жастық шақ, қарттық шақты айтады. Бұл ақынның өзіндік ерекшелігі, дүниетанымдық қабілеті болып табылады.

Төрт санының символикалық мәні қазақ танымында тұрақты бүтіндікті білдіреді.

Мәшһүр Жүсіпте: *Молайып төрт түлігі санға жетсе; Жатады төрт құлақта өлген адам; Бірден кеп төрт аяғы үйлескен соң; Төрт түлік төңірегі сай адамға; Дүниенің төрт бұрышына құлаш жайған.*

«Төрт құлақта» фразеологизмі барлығымызға бірдей таныс емес. Аталған фразеологизмінің семантикасы – зираттың төрт бұрышы екенін

аңғартады, ал «төрт аяғы үйлесу» тіркесі халықтағы «төрт құбыласы түгел» тіркесімен мағыналас екенін аңғарамыз.

АЛТЫ санының қатысуымен жасалған фразеологизмдер: *Алты Алашқа жайылған Мәшһүр атым; Болмаңыз алты ауызды, дін-мұсылман және т.б.* Аталған фразеологизмдер халық қолданысында бар және көптеген қаламгерлердің шығармаларында да қамтылған.

Жеті саны қазақ халқы үшін өте киелі сан. Ол діни түсініктермен де өте тығыз байланысты. Себебі Алла барлық жанды және жансыз заттарды жеті күнде жасап бітті деген түсінік бар. Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінде: *Жеті қат көк қуанып, қойнын ашты; Жаралған жеті күннің бәрі бірдей; Жеті ықылымға қазақтың атын шапқан.*

Жеті қат көк фразеологизмінің коннотациясы бойынша Мәшһүр Жүсіп пен Рабғузидің айтқандарында сәйкестік бар. Екі ақын да «Ол сондай Алла, жеті аспанды қабат-қабат жаратқан»,—делінген Құран аятына сүйенеді. Ғылымда аспан қабаты тропосфера, тропопауза, стратосфера, стратопауза, мезосфера, термосфера, экзосфера сияқты қабаттардан тұратыны дәлелденген.

Қазақтың ұлттық танымында *жеті* саны ғалам құрылымының символы болып табылады. Сан есімдер ұйытқы болған тұрақты тіркестердің бойында халық санасындағы мифтік, магиялық түсініктер мен танымдар сақталған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы халық таным-түсінігі бойынша қалыптасқан фразеологизмдерді шығармаларында қамти білген және өзіндік қолтаңбаларын да қалдыра білген. Ақынның фразеологизмдерді жаңартып жұмсау тәсілі, халық тілі үлгісімен жасалған, өз қаламынан шыққан қанатты сөздері қазақтың ауыз әдебиеті тілімен ұштасып жатқандығын дәлелдейді және қазақ фразеологиясын байытуға қосқан үлесі болып табылады [4, 22 б.].

Фразеологизмдер көкейге қонымды, ықшам, ұтқыр да ұтымды сөз өнерінің тілдік және поэтикалық санатына жатады. Айшықты сөз өнерінің басым көпшілігі халықтың тұрмыс тіршілігіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына, діни, наным-сенімдеріне байланысты пайда болған. Олардың құрылымын, тілде қалыптасу кезеңдерін тұрақталу негіздерін зерттеу, атап айтқанда, оқырман қауымды оның тілдік табиғатынан хабардар етіп қоймай, сонымен қатар этнос өмірімен байланысып жатқан тұтастығымен, этнолингвистикалық, экстралингвистикалық факторларымен қызықтырады.

Сан атаулары - өте ерте заманнан келе жатқан сөздер, оларды барлық көне жазба ескерткіштерден кездестіруге болады. Сан есімдердің көнелігіне байланысты тілдегі барлық сан атауларының қалай жасалғаны көріне бермейді. Кез келген тілдің байырғы сөздік қорына енетін сан атаулары - ақиқат болмыстың өзінен, өмір шындығынан алынған, адамзаттың нақты заттардың өлшем-мөлшерін айыру қажеттігінен туындаған, тарихи тамырын тым көнеден алатын сөздер. «Адам баласынан он саусақ арқылы алғашқы арифметикалық операцияларды жүзеге асыруы еркін шығармашылық ақыл-ойдың жемісі емес. Санай білу үшін, санауға болатын заттардан тыс, адамда

осы заттардың басқа да қасиет белгілерін олардың санынан ажырата білу қабілеті болу керек, ал бұл қабілет ұзақ мерзімдік іс-тәжірибеге негізделетін тарихи дамудың нәтижесі» [5, 8 б.].

Сан есім негізінде жасалған фразеологизмдер тек қана материалдық немесе рухани мәдениеттің нақты көріністерін ғана танытушы бірліктер емес, олар сонымен бірге ұлттық болмысты, дүниетанымды көрсетін таным бірліктері - концептілерді құраушы тілдік бірліктер болып табылады, яғни, сандар дүниені танудың құралы, сол танымды жинақтаушы таңба, сол жиналған ақпараттың реттеп, ұрпақтан- ұрпаққа жеткізетін дайын білімнің кілті деуге де болады. «Фразеологизмдердің ішінде кейбір сөздер семантикалық жағынан ерен байқалып түп қазық есебі қызметін атқарады да, бірнеше ондаған фразеологиялық бірліктерде қайталап келіп отырады. Оны «ұйытқы сөз» деп атаған. Осындай ұйытқы сөздердің табиғатын, себеп-салдарын, тематикалық топтарын өз алдына дара тексерудің маңызы зор», сан есімдердің көмегімен жасалған тұрақты сөз тіркестерін фразеологияда сан есім атаулары ұйытқы болған фразеологизмдер деп атау үрдісі қалыптасқаны белгілі.

Фраземажасамда негізгі рөл атқаратын сөзді зерттеушілер әр түрлі атап жүр. Орыс ғалымдары Н.А.Власова - «общий лексически константный и семантически господствующий компонент», О.С.Ахманова - «опорная семантема», «лексический инвариант», Л.К.Байрамова - «опорное слово», Ю.А.Гвоздарев - «стержневой член», ағылшын ғалымдары - «a keyword», «a headword», «a strong word in the idiom», қазақ фразеологы І.Кеңесбаев «ұйытқы сөз» деп атады.

Қазақ-ағылшын фразеологизмдерінің тың жатқан, арнайы зерттеуді қажет ететін үлкен бір арнасы сан есім атаулары ұйытқы болған фразеологизмдер болып саналады. Қазақ тілінің рухани мәдениет лексикасын құрайтын бір бөлшегі - сан есім қатысқан сөз тіркестері, тұрақты тіркестер. Сан есім қатысқан фразеологизм деп - ұйытқы сөзі сан есімнен келетін фразеологиялық бірлікті айтамыз. Сан есімдердің тұрақты тіркестерде ұйытқы болу қасиеті басқа сөздермен келген тұрақты тіркестер сияқты емес, бұл сандар сан-мөлшерлік қызметін көп жағдайда жойып алады. Олар белгілі бір нәрсе, құбылыстардың ұғымдық символы ретінде қолданылады. Ағылшын және қазақ тіліндегі сандық фразеологизмдердің қалыптасуы қос халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктері, тұрмыс салт, діни наным-сенімдерге байланысты пайда болып, әр халықтың рухани байлығын, рухани өмірін суреттейді.

Алайда қазақ тілінде сан есімнің қатысуымен жасалған фразеологизмдер кейбір еңбектерде сөз болғанмен, этнолингвистика тұрғысынан арнайы әлі қарастырылған емес. Көптеген ғалымдар сан есім қатысқан фразеологизмдерді әр аспектіде, әр қырынан зерттеу жүргізіп, сандардың өзіндік ерекшеліктерін ашуға тырысты. Сондықтан да сан есім

қатысқан фразеологизмдердің табиғатын ашуда бірізділік жоқ деп айта аламыз.

Сан есім - фразеологизм жасауда көп кездесетін сөз табының бірі. Сан есім фразеологиялық единица құрамында лексика-семантикалық жағынан бүтін бір единицалық мәнге ие болып, синтаксистік тұрғыдан күрделі бір мүшенің ғана қызметін атқарады және жеке қолданылады [6, 11 б.]. Жалпы дүниені тану мәселесіне байланысты ескілікті наным-сенім түрлерінің тілдік көріністері әсіресе сан атауларымен келген тұрақты сөз тіркестерінде өте көп кездеседі.

Сандардың фразеологизмдер құрамындағы мағынасы мен фразеологизмдердің жиынтық мағынасына сипаттау үшін, ең алдымен, сан есімнің дербес тұрып, заттың санын, өлшем, мөлшерін атайтын басты атауыштық мағынасына зер салу керек. Сондықтан да сан есім категориясын жеке сөз табы ретінде қарастырып, олардың жасалу жолдарын, сөзжасамдық жүйесін, семантикалық топтарын танытуға бағытталған С.Е.Малов, Н.А.Баскаков, И.Г.Добродомов, А.Н.Кононов, А.А.Юлдашев, Ғ.Айдаров, Н.Кеңесбаев, Н.Оралбаева, Ә.Хасенов сияқты ғалымдардың еңбектерін атауға болады.

Қазақ тілінде сандарға негізделген фразеологизмдер құрамында сан есімнің барлық семантикалық топтары орын алғанымен, реттік, есептік, жинақтық сан есімдер «ұйытқы» компоненттік қызметте жиі қолданылатыны байқалды. Сан есім сөз табының негізін құрап, сан есімнің басқа семантикалық топтарының жасалуына да арқау болатын есептік санда нақтылы сандық ұғымды білдіреді.

Сан есімдер фразеологизм жасауға ұйытқы болып, басқа сыңарлармен топтаса отырып, бастапқы сандық ұғымнан көп жағдайда алшақтайды да, абстракцияланып кетеді. Сол сияқты сан есімдердің фразеологизмдер ішінде ұйытқы бола алу қабілеті жөнінде І.Кеңесбаевтың сөздігінде арнайы көрсетілген. «Тұрақты сөз тізбектерінің біраз бөлігі (фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, т.б.) жеті тоғыз, қырық сияқты бірқыдыру сан есімдердің төңірегіне топталып жүреді. Бұл сөздердің белгілі бір тізбек, тіркестерге түп қазық болу себебі халықтың ежелгі дәуірдегі ұғым-түсінігімен, салт-санасымен ұштасып жатыр. Фразеологизм ішінде бұл сөздер нақтылы сан мағынасында қолданылуы шарт емес. Мысалы, *жеті ғылым тілін біледі (жеті ғаламның тілін біледі), қырық ру* дегендерде нақты саннан гөрі әйтеуір «көп» деген ұғым бар». Ал қазақ тіліндегі фразеологизмдердің жалпы сан есімді сыңарлары туралы зерттеген А.Елешева: «Фразеологизм құрауда әсіресе «бір» және «екі» сан есімдері актив қолданылады. Фразеологизмдер құрамында сондай-ақ «төрт», «бес», «алты», «жеті», «қырық» сан есімдері де жиі қолданылады. Ал жинақтық, бөлшектік, реттік сан есімдер фразеологизм құрауға қатыспайды десек те болады» - деп фразеологизм

жасауға негізгі арқау болатын сан есімдерді атап көрсетеді [7, 42 б.].

Санесімдерден тұратын фразеологизмдер, жалпы сөз тіркестер қаншама зерттелі келе жатса да, оның күрделі табиғатына тән заңдылықтардың қыры мен сыры қазақ тілінде түгел ашылды деп айтуға болмайды. Оның бір қыры сандардың өзіндік қасиетіне, яғни киелі сандарға байланысты екені анық көрінеді.

Сан есімдердің ішінде кейбір сандар сандық мәнімен қатар басқа мағынада қолданылуымен ерекшеленеді. Мұндай жағдай, әсіресе осы сандардың тұрақты тіркестерде, аңыз-әңгімелерде, жыр-дастандарда, салт-дәстүрлерде және басқа дүниетанымға байланысты қолданылғаны байқауға болады. Сонымен бірге бұл құбылыстың тарихы да арыда жатқаны байқалады және халқымыздың өзіндік дүниетанымдарынан, тұрмыс-салт ерекшеліктерінен туындаған түрлі тілдік деректер мол сақталған. Бұл ретте В. А. Гордлевский мысалы «Алтай тілдеріндегі сан атауларының өзі халықтың рухани мәдениеті мен тарихына, ұлттық дүниетанымына байланысты шыққан» деп жазады. Демек, қазақ тіліндегі сан есім қатысқан фразеологизмдердің басым көпшілігінің пайда болуы сан атауларының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты. Сондықтан жұмыстың өзектілігі, міне осы сан есім қатысқан фразеологизмдерге таза тілдік факты ретінде ғана емес, этнолингвистикалық тұрғыдан, яғни тілдің атқаратын танымдық қызметі жағынан алып, қарап, зерттеу жүргізуге байланысты. Сан есім қатысқан фразеологизмдер өте көп, солардың ішінде әсіресе халқымыздың рухани ескіліктеріне, мифологиялық наным-сеніміне ерекше көңіл аударады. Сан есімдердің зерттелуі XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басына дейін созылуы (W.E. Collinson, Keith Ellis, J.R. Hurfold, K. Menninger), шет тілдеріндегі сан атауларының осы кезеңге дейін аз зерттелгенінің бірден бір айғағы болып табылады. Сондай-ақ ағылшын тіліндегі сан есімнің сөз табына қатыстылығын зерттеген L. Alexander, S. Greenbaum, J. Lakoff, G. Leech, R. Quirk, J. Svartvik реттік сан есімді сын есімге жатқызса, ал есептік сан есімдерді зат есімге жатқызады [8, 175 б.].

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі сандық фразеологизмдердің қалыптасуын салыстыра отырып, екі тілдің фразеологиялық қорының даму белгілерін ажыратуға мүмкіндік береді.

Ағылшын тіліндегі сан есім атаулары ұйытқы болған фразеологизмдер туралы деректер жинау барысында «Символика и значения числовых компонентов в английских фразеологических единицах» [9, 75 б.] тақырыбындағы бірнеше авторефераттар мен диссертациялық жұмыстарда қаралған. Сонымен қатар, М.И.Польская, В.Р.Багдасарян еңбектерінде ағылшын тіліндегі фразеологизмдерге жалпы түсінік беріліп, соның ішіндегі сандық фразеологизмдердің қолданылу ерекшеліктері, мағынасы, символикалық мәні туралы талдаулар жүргізілген. Аталған жұмыстардың

көтерген мәселесі бір, яғни сандық фразеологизмдерге талдау жасау болғандықтан еңбектердің жалпы мазмұны бір екендігі байқалды. Сондай-ақ, Е.Н.Ясюкевичтің «Особенности английских фразеологизмов, отражающих лингвокультурный концепт «число»» мақаласында ағылшын тіліндегі сандық фразеологизмдердің семантикалық ерекшеліктері берілген.

Е.Н.Ясюкевич сандық фразеологизмдерді саралай келе сегіз мағыналық топтарын көрсетеді:

1) «жаман болу, ыңғайсыз жағдайда қалу»: *to be at sixes and sevens, two of a trade never agree, when two ride on a horse, one must ride behind; a donkey between two bundles of hay*-екі оттың ортасында қалу.

2) «жақсы, керемет болу»: *second to none*-жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар; *to look like a million dollars* «керемет» деген мағынаны білдіреді.

3) «бірдей болу, ұқсас болу»: *on all fours*-сәйкес келу; *to be like two peas*ұқсас болу; *six of one and half a dozen of the other* - еш айырмашылығы жоқ.

4) «көп немесе үлкен болу»: осы топқа жататын фразеологизмдер *nine, hundred* сандар арқылы жасалады: *nine tenth* барлығы дерлік, көбісі.

5) «көп емес шағын болу»: *two by four* - шағын, елусіз; *hundred to one* мүмкіндігі аз, *the three tailors of Tooley Street* - көп халықтың атынан бір ғана адам сөйлеу.

6) «белгілі бір жаста, аймақта немесе жағдайда болу»: *forty-rod lightning, sweet seventeen*.

7) «белгілі бір ортаға тән заттар»: *plus fours, the third degree, the first reading, the third house, forty winks, the sixth sense, the fourth estate, the four hundred*.

8) «барынша күшті, жылдам болу»: *like sixty* - шапшаң, үлкен жылдамдықпен; *to go nineteen to the dozen in two twos* - дәл қазір; *for all one is worth* - бар күшімен; *to put one's best leg first* - мез жүру; *nine times out of ten*.

Ағылшын тілінде *hundred, thousand, million* сандары екі жақты ұғымды білдіреді, яғни, сөйлемде сандық ұғымды да, заттық ұғымды да білдіреді.

Олар кез келген сөз табымен тіркескенде түрлі мағынаны білдіреді. Осы сөздерге семантикалық талдау жасалғанда сан есім ретінде төмендегідей сандық ұғымды білдіреді: 1) нақты сандық; 2) жуықталған. Нақты сандық мағына белгісіздік артиклімен қолданысқа түскенде мағынасы көмескіленеді (*a hundred books*). Аталған топқа жататын сөздер нақты сандық ұғымды білдіріп (*жүз, мың*), жинақтық қызметін атқарады. Ағылшын тілінде де сан есімдерді жіктеуде бірізділік жоқ. Ғалымдардың зерттеуінде көбінесе қолданыс тапқан есептік сан есім болып табылады. Есептік сан есім зат есіммен тіркесіп заттың нақты санын білдіреді. Мысалы: *one book*.

Кең таралған көптеген фразеологиялық сөздіктерде тілші-ғалымдар, ең алдымен, басқа көрсеткіштерден гөрі, орамдардың идиомалылық дәрежесін

басшылыққа алады. Осыдан келіп фразеологизмдерге тұрақтылығы әр түрлі дәрежеде келетін фразеологиялық тіркестер, бейнелі орамдар, тұрақты теңеулер, сөздік клишелер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер жатқызылады.

Қорытындылай келе, жалпы қазақ-ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдер қоры кең ауқымда зерттелгенімен, қазақ және ағылшын тілдері сан есім атаулары ұйытқы болған фразеологизмдердің тілдегі көрінісін, ортақ тұстарын, дара белгілерін, тұрақты тіркес ретінде тілде қалыптасуының себеп-салдарын салғастыра зерттеу - отандық тіл білімінде әлі қолға алына қоймаған тың дүние. Сонымен қатар ағылшын тілінде де сан сыңарлы фразеологизмдердің зерттелу ауқымы өзге ұйытқы сөздерге қарағанда тар екендігі байқалады.

Фразеологиялық комбинациядағы санды қайта түсіндіру семантикалық модификацияға әсер етеді, сандық мәннің жоғалуына және фразеологиялық бірліктің сапалық бағалау өрісіне өтуіне ықпал етеді, мысалы.: ағылш. - To put two and two together – “қорытынды жасау”, as clear as two and two makes four – “ақ күн сияқты анық”, no two ways about it – “екінші жол жоқ”, to drink like seven lords - “шошқа сияқты мас болу” [10, 15 б.].

Орыс халқы үшін сандар әрқашан үлкен маңызға ие. Ежелгі халықтар сандарға жасырын мағына берді. Тоғыз саны сиқырлы болып саналды, ал тоғызыншы білік өлім қаупі, қорқынышты, еңсерілмейтін күштің ең жоғары көтерілуі. Тоғызыншы біліктің бейнесі ежелгі халықтық нанымнан туындайды, бұл теңіз дауылының уақыты тоғызыншы толқын ең қауіпті, көбінесе өлімге әкеледі. Орыс тілінде көптеген фразеологиялық бірліктер бар, мұнда бейнелі өрнектің құрамдас бөліктерінің бірі сан болып табылады:

Ноль саны бар фразеологиялық бірліктер

Нөлдік назар-назар аудармау.

Нөлден бастау-бәрі басынан бастап.

Бір саны бар фразеологиялық бірліктер

Біреуі саусақ сияқты – жалғыз.

Бір аршинге өлшеу - әртүрлі адамдарды, құбылыстарды, жағдайларды және т.б. бағалауға жақындау.

Бір тіс үшін - өте аз тамақ туралы.

Бір өріс жидек - рухында, мінез-құлқында немесе позициясында мүлдем ұқсас.

Екі саны бар фразеологиялық бірліктер

Екі майданда - бір уақытта екі түрлі іс-әрекетті орындау.

Екеуінде-жасая.

Әже екі рет айтты - белгісіз іс туралы, оның жетістігі үлкен мәселе.

Екі қоянның артында - бірден бірнеше мақсатқа жетуге тырысатын және сәтсіздікке ұшыраған адам туралы, жетістікке жету.

Үш саны бар фразеологиялық бірліктер

Үш қораппен тоқу - көптеген мүмкін емес, жағымсыз немесе өтірік айту.

Үш ағынга жылау - жылау.

Төрт саны бар фразеологиялық бірліктер

Төрт қабырғада - көшеге шықпай, қандай да бір бөлмеде уақыт өткізу.

Барлық төрт жағынан - әлдеқайда алыс (олар біреуді көргісі келмегенде осылай дейді).

Бес саны бар фразеологиялық бірліктер

Арбадағы бесінші доңғалақ мүлдем қажет емес нәрсе туралы.

Сіздің бес саусағыңыз сияқты - бір нәрсені білу өте жақсы.

Бес минуттық жаяу - өте жақын.

